

1-МОДУЛЬ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ БІЛІМ

1-САБАҚ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

- **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТҮРЛЕРІ,
НЫСАНДАРЫ, ТЕОРИЯЛАРЫ**
- **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЗИЯНЫ**
- **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖАҢА НЫСАНДАРЫ**
- **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ДЕҢГЕЙІ**



Бұл презентация «БИЗНЕСТЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ» онлайн-курсы үшін дайындалған

Онлайн-курс **Siemens Integrity Initiative** қолдауының негізінде Құқықтық саясатты зерттеу орталығымен (LPRC) ынтымақтастықта «Kazakhstan Bar Association» заң консультанттары палатасы іске асыратын «ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес Қазақстанда іскерлік парасаттылықты арттырудың және корпоративтік басқаруды дамытудың жүйелі, құрылымдалған және тиімді саясатын іске асыру» жобасы шеңберінде әзірленді.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АНЫҚТАМАСЫ:

сенім білдірілген билікті жеке мақсатта теріс пайдалану (жеке пайда алу үшін)

Сыбайлас жемқорлықтың алғышарттары:

1. Мемлекеттік қызметшілердің немесе компания қызметкерлерінің жеке мүдделерінің көпшілік немесе корпоративтік мүдделерден басымдығы
2. Олардың қызметтік жағдайы немесе лауазымдық міндеттері жеке пайда алуға ықпал етеді
3. Тоқтату факторлары (мүдделер қақтығысы туралы хабарлау рәсімі және т.б.) әсер етпейді
4. Сыбайлас жемқорлықтан түсетін табыс ықтимал залал мен жазадан да артық әрі көбірек болады деген оймен іске асырылатын есеп немесе жазадан құтылуға болады немесе жаза аса қатал болмайды деген есеп
5. Ашкөздік

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ

Ретті сыбайлас жемқорлық

- Адамдар, егер олар үнемі пара түрінде қандай да бір соманы төлесе, олардың проблемалары шешілетінін біледі. Алайда, төлеуді тоқтатса болғаны, проблемалар қайтадан басталады. Төлем мәселенің шешілуіне кепілдік береді.

Ретсіз сыбайлас жемқорлық

- Паралар келісімдердің орындалуына кепілдік бермеген кезде орын алады - қызметтер көрсетілмейді, рұқсаттар берілмейді, айыппұлдар жойылмайды және т. б.

Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық

- Адамдар өздерінің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысқанда пайда болады, мәселен, жұмыс табу, балаларды балабақша мен мектепке орналастыру, медициналық қызметтерді алу және басқа да мемлекеттік қызметтерді өз қажеттіліктері үшін алу. Тағы бір себеп – жазадан, айыппұлдан аулақ болу, жауапкершілікті азайту немесе алып тастау және т. б.

Жүйелі сыбайлас жемқорлық

- Адамдар қосымша табыс көздерін қарастырғанда пайда болады, мысалы, мемлекеттік тапсырысқа ие болу, тиімді келісімшарт алу немесе мемлекеттік мүлікпен операциялар жүргізу және т. б.

ҰЙЫМ ІШІНДЕ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ТҮРЛЕРІ

Ұйым ішінде

- Мемлекеттік және жеке секторларда жымқыру
- Ысырапшылдық, жалғандық, қызмет бабын теріс пайдаланудың басқа да түрлері

Үшінші тұлғалардың қатысуымен

- Парақорлық
- Ықпал ету саудасы
- Заңсыз баю
- Ақшаны жылыстату

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЗИЯНЫ

1 трлн. АҚШ доллары жыл сайын бүкіл әлем бойынша пара түрінде төленеді

2.6 триллионнан астам АҚШ долларын құрайтын бюджеттік қорлар жыл сайын ұрланады

Сыбайлас жемқорлықтың бағасы ғаламдық бағаның шамамен 5%-ымен анықталады

Мемлекеттік сатып алудың жалпы санының 10-нан 25%-на дейін жыл сайын сыбайлас жемқорлық салдарынан кеміп отыр

Жыл сайын барлық халықаралық көмектің 30%-ы жойылады

Балалар өлімінің жалпы санының 1.6% сыбайлас жемқорлық салдарынан болады

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ ӘР ТҮРЛІ ТЕОРИЯЛАРЫ

1. Экономикалық рента теориясы:

Бұл еңбек кірісі мен капиталды салғаннан түсетін кірістен басқа кез-келген кіріс.

Бұл сыбайлас жемқорлықты қалай анықтайды?

Егер адам жалақыдан басқа қызметтік міндеттерін пайдаланып басқа табыс табатын болса. Бұл – сыбайлас жемқорлық, өйткені мемлекеттік басқару жеке бас пайдасына емес, қоғамның қажеттіліктерін, қоғамдық мүдделерді қанағаттандыруға бағытталған.

Рента іздеушілер – қосымша инвестицияларсыз және өндірістік шығындарсыз қосымша пайда табу үшін рентаны пайдалану мүмкіндігі бар және оны жасағысы келетіндерді іздейтіндер.

Осылайша сыбайлас жемқорлықтың сызбалары пайда болады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ ӘР ТҮРЛІ ТЕОРИЯЛАРЫ

2. Саяси: саяси бәсекелестіктің төмен деңгейі бір саяси күштің үстемдігіне және әлсіз қоғамдық институттарға әкеледі. Сыбайлас жемқорлық дамып келеді, өйткені ешкім «күзетші» қызметін атқармайды, қоғамның бақылау мүмкіндіктері өте шектеулі. Монополиялық билік пен есеп берілмейтін іс-әрекет еркіндігі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырады.

3. Мәдениеттанушылық: құқық нормалары маңызды, бірақ бәрі де мәдениетке байланысты. Пара мен сыйлықтарды ажырату қиын. Мәдени коды бар халықтар бар, олар көрсетілген қызмет үшін ризашылық білдіру туралы үнемі ойлап отырады, әйтпесе бұл мәдени әдет-ғұрыптардың бұзылуына әкеп соғады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ӘР ТҮРЛІ ҚӨЗҚАРАСТАР

Заңгердің көзқарасы бойынша – сыбайлас жемқорлық – қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттер, мұнда әрқашан өзара сөз байласу, белгілі бір ниет, қылмыстық топ болады. Мәселені шешуге одан әрі криминалдандыру және жазаны қатайту тұрғысынан қарау керек.

Менеджмент жөніндегі маманның көзқарасы бойынша – пара басқару функцияларын орындай алады, әсіресе жалақысы төмен және әлсіз ынталандырулары бар қатаң басқару жүйелерінде. Формальды қағидаларды жеңілдету үшін сыйақы ретінде аз сомаларды беру бизнестің дамуына көмектеседі.

Саясаттанушының көзқарасы бойынша – мәселенің бәрі саясатта. Параның саяси функциясы бар. Шетелдік көмекті «даму мақсатындағы көмек» ретінде емес, пара ретінде модельдеуге болады.

Тарихшының көзқарасы бойынша – сыбайлас жемқорлық жаңадан пайда болған жоқ, Геродоттың өзі жемқор судья Сизамнестің тағдырын сипаттаған болатын.

<https://en.wikipedia.org/wiki/Sisamnes>

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ БАСҚА ДА ТЕОРИЯЛАР

- **Полигамия** – егер қоғамда көптеген серіктестермен некелес болу дамып жатса, онда бұл сыбайлас жемқорлыққа әкелуі мүмкін – бірден бірнеше отбасын қамтамасыз ету үшін үлкен табыс қажет.
- **18-ғасырда мектептік білім берудің болмауы** – егер 18-ғасырда ел аумағында қоғамдық мектептер болмаса, бүгінде сыбайлас жемқорлық деңгейі жоғары болады.
- **Жыныстық бөліну және сыбайлас жемқорлық** – әйелдер ер адамдарға қарағанда «аз» жемқор, сыбайлас жемқорлыққа бейім емес, мысалы, қорғаныс шығындарынан гөрі білім беру және денсаулық сақтау жүйесінде жақсы қамтамасыз ету мен сапалы реформаларға бейім. Бірақ кемсітушілік пен биліктің жоғары эшелондарында әйелдердің жеткілікті түрде өкілдік етпеуінен және т. б. сыбайлас жемқорлық деңгейі жоғары.

ӘР ТҮРЛІ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?

- Дамыған және дамушы елдердегі сыбайлас жемқорлық әртүрлі.
- Ол барлық жерде бар, бірақ дамыған елдерде ол қоғам мен Үкіметтің бақылауында.
- Мемлекеттік қызметшілердің парасаттылық деңгейі жоғары, ал қоғамның сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзімділік деңгейі өте төмен.
- Үкімет қоғамға есеп береді, барлық қоғамдық-саяси институттар дамыған және жұмыс істейді.
- Саяси бәсекелестік бар. Бұл билік партияларына уәделерін ұмытып кетуге мүмкіндік бермейді.
- Үкіметке, Парламентке, сотқа деген сенім деңгейі айтарлықтай жоғары.

Қазақстан – сыбайлас жемқорлық деңгейі жоғары ел, Corruption Perception Index (2021)


Бағалау 37/100

Ранг 102/180


Бағалаудың өзгеруі  - 1 2020ж. бастап



өлем бойынша
орташа алғанда



Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде пара берген адамдардың саны жоғары болып қалуда (29%), Global Corruption Barometer, 2016



Еуропа елдерімен салыстыратын болсақ:

Германия 3%


Чехия 9%

Польша 7%

Эстония 5%

Латвия 15%

Беларусь 20%



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕМҚОРДЫҢ ПОРТРЕТІ (2021)

<http://tikazakhstan.org/eksperty-transparency-kazakhstan-sostavili-sotsiologicheskij-portret-korrupsionera/>

Жұмыс орны – құқық қорғау органдары және атқарушы билік органдары

Жұмыс орны – Алматы облысы, Шымкент қаласы, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы қаласы және Батыс Қазақстан облысында

Көбінесе жемқор ер адамдарға пара алғаны, бергені, билікті асыра пайдаланғаны және асыра пайдаланғаны үшін айып тағылады



Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың 83%-ын ер адамдар жасайды

Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған кездегі жасы – 26-39 жас

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының 30%-ын басшылық деңгейдегі ер адамдар жасаған